

Көз алмай неге қарайсың?

Сөзі Ф. Оңғарсынова
Әні Ж. Мұқанов

Асықпай, ойлана

Көр-ме-ген бұ-рын кі - сің__ б(е)ем қа-дал-ды не-ге жа - на - рың

Көп жан-ның мы-нау і - ші - нен көз ал-май не-ге қа - ра - дың?

көз ал-май не-ге қа - ра - дың? көз ал-май не-ге қа - рай - сың?

1. Көрмеген бұрын кісің бе ем,
қадалды неге жанарың?
Көп жанның мынау ішінен
көз алмай неге қарадың?
2. Бөтен сөз ешбір айтпайсың,
кездесе қалсақ оңаша.
Ойланасын да, таппайсың
жасқанған бейне балаша.
3. Елеусіз ғана сөз айтсам,
құп алып, үнсіз қостайсың.
Қуанасың ғой бір қайтсам,
көрмеген көптен достай шын.
4. Қадалса сенің жанарың,
лүпілдеп жүрек... Солай шын...
Айтсаңшы дал боп барамын,
көз алмай неге қарайсың?